

«БЕКІТЕМІН»

**«Облыстық стоматологиялық
орталығы» ШЖҚ МКК**

директоры

Машырықов Қ.С.

2023ж.



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

КІРІСПЕ

Адамның өмірі мен денсаулығы - басты, маңызды құндылықтар. Дәрігер миссияны, мақсатты, принциптер мен құндылықтарды білуі тиіс.

Миссия

Біздің миссия:

Тиімді қолайлылық, жайлылық пен ыңғайлылық жағдайында заманауи диагностикалық, емдік, профилактикалық және медициналық- әлеуметтік технологиялар негізінде емделуші қажеттіліктеріне жауап беретін жоғары сапалы амбулаториялық медициналық көмек көрсету. Қызметіміздің басымдылығы профилактика болып табылады.

Біздің мақсатымыз:

Пациенттерге медициналық қызмет көрсетудің сапасын және емдеу, диагностикалау, алдын алу тиімділігін үздіксіз жетілдіру.

Пациентке медициналық қызмет көрсетуде барлық этикалық нормалар мен құндылықтарды сақтайтын жоғары біліктілікті игерген, ар намысты, бәсекеге қабілетті кадрлар құрамын қалыптастыру.

Біздің принциптер:

Медицина қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1. Бейтараптық;
2. Адалдық және объективтілік;
3. Әдептілік;
4. Кәсіби құзыреттілік;
5. Мінсіз мінез-құлық;
6. Адалдық

7. Ақпараттың құпиялылығы:
8. Адамгершілік:
9. Тәуелсіздік

1. Өз қызметінде медицина қызметкер:

1) Өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындайды, еңбек тәртібін сақтайды, өз жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

2) Жоғары моральдық және адамгершілік өлшемшарттарға сәйкес келеді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларды сақтайды;

3) Клиникалық тиімділігі дәлелденген емдеудің заманауи әдістері мен технологияларын басшылыққа алады;

4) Өзінің кәсіби білімін, дағдыларын, құзыреттері мен кәсіпқойлығын үздіксіз жетілдіреді;

5) Қазақстан Республикасының медицина қызметкері жоғары атағының беделін түсіруге қабілетті әрекеттер немесе әрекетсіздікер жасамайды;

6) Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұрады;

7) Қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;

8) Заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен бұзушылықтар жасауға жол бермейді;

9) Жеке мәселелерін шешу мақсатында қызметтік жағдайды пайдалануға жол бермейді, медициналық өнімдерді жарнамалауға және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер алу фактілеріне жол бермейді;

10) Жеке үлгісімен орнықты моральдық-психологиялық жағдай жасауға және ұжымда корпоративтік әдеп пен қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға ықпал етеді;

11) Азаматтардың Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесіне сенімін нығайтуға ықпал етеді;

12) Ар-намыс кодексінің нормаларын сақтауға ықпал етеді.

Пациенттермен қарым – қатынаста медицина қызметкерлері:

1) Шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшырамайды;

- 2) Пациенттің жеке өміріне және құпиялылық құқығына құрметпен қарайды;
- 3) Пациенттің мүддесі үшін ғана шешім қабылдайды;
- 4) Кәсіптік қызмет шеңберінде мұқтаж адамға оның тұрған жері мен уақытына қарамастан медициналық көмек көрсетеді;
- 5) Өз денсаулығын сақтау үшін ортақ жауапкершілік қағидаттарын түсіндіреді.

3. Әріптестермен қарым-қатынаста медицина және фармацевтика қызметкерлері:

- 1) Іскери этикет пен қызметтік тәртіп ережелерін сақтайды.
- 2) Әріптестерінің немесе ұйымның аты мен беделіне нұқсан келтіретін жанжалды жағдайлардан аулақ болады.
- 3) Жанжал туындаған жағдайда медицина қызметкерлері тиісті шаралар қабылдау үшін тікелей басшымен қақтығыс мәселесін талқылайды.
- 4) Қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда медицина қызметкері осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолданады.